



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Nazarbayev
Intellectual
Schools
Center
of Excellence
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

проведению и участию в интеллектуальных играх, конкурсах и выставках научных и творческих работ учащихся, а также к принятию решений, которые позволяют повысить степень вовлеченности родителей и учащихся в деятельность образовательного учреждения [7, с. 34–43].

Создание системы работы с одаренными и способными учащимися в образовательном учреждении требует учета не только проблем диагностики и воспитания одаренного ребенка, но и требований к личности педагога, призванного поддерживать одаренность ребенка. Профессионально-личностная готовность учителя к работе с одаренными учащимися включает в себя мотивационную готовность, владение методами выявления одаренности, развивающими и личностно-ориентированными технологиями обучения, методами научного исследования, психолого-педагогической компетентностью по проблеме одаренности, широтой и гибкостью кругозора, мышление, зрелость педагогического самосознания.

Актуальным является проведение практических занятий, совещаний, направленных на формирование мотивации педагогов к работе с потенциально одаренными учащимися, расширение взглядов педагогов на специфику психолого-педагогического сопровождения одаренных учащихся. Являясь одним из приоритетных направлений работы администрации образовательного учреждения, повышение уровня компетентности педагогов, таким образом, позволяет адаптировать массовое образование к индивидуальным особенностям каждого школьника.

Список литературы:

- 1 Богоявленская Д. Б. Психология творческих способностей. – М.: Академия, 2002. – 320 с.
- 2 Система работы образовательного учреждения с одаренными детьми / авт.-сост. Н. И. Панютина и др. – Волгоград: Учитель, 2008. – 204 с.
- 3 Грязева В. Г., Петровский В. А. Одаренные дети: экология творчества. – Москва-Челябинск: ИПИ РАО, ЧГИИК, 1993. – 40 с.
- 4 Мониторинг качества учебного процесса: принципы, анализ, планирование / авт.-сост. Г.П. Попова, Г. А. Разменова, И. Б. Ремчукова. – Волгоград: Учитель, 2010. – 124 с.
- 5 Одаренные дети / пер. с англ.; под общ. ред. Г. В. Бурменской, В. М. Слущкого. – М.: Прогресс, 1991. – 383 с.
- 6 Азарова Л. Н. Как развивать творческую индивидуальность младших школьников // Журнал практического психолога. – 1998. – № 4. – С. 80–83.
- 7 Шумакова Н. Б. Междисциплинарный подход к обучению одаренных детей // Вопросы психологии. – 1996. – № 3. – С. 34–43.

ОӘЖ 378

СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИА ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сәкен Жазира Наурызқанқызы
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ
Педагогика және психология ББ 1 курс магистранты
Қостанай қ., Қазақстан
E-mail: nauryzkhankyzy98@mail.ru

Абдиркенова Акбидаш Капановна
педагогика және психология кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, PhD докторы
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ
E-mail: akbidashabdirkenova@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада заманауи білім беру кеңістігінде пайда болып отырған сын-қатерлер жағдайында тиімді бағдарлануға мүмкіндік беретін білім алушы – болашақ маманның медиақұзыреттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыдан егіздеу.

Түйінді сөздер: *медиақұзыреттілік, құзырет, медиабілім беру, бұқаралық ақпарат құралдары*

Аннотация

В статье рассматриваются вызовы, возникающие в современном образовательном пространстве теоретическое обоснование проблемы формирования медиапредприятия обучающегося – будущего специалиста, позволяющего эффективно ориентироваться в условиях.

Ключевые слова: медиакомпетентность, компетентность, медиаобразование, средства массовой информации.

Abstract

The article discusses the challenges arising in the modern educational space theoretical justification of the problem of forming a media enterprise of a student – a future specialist, allowing to effectively navigate in the conditions.

Key words: media competence, competence, media education, mass media.

XXI ғ. адамзаттың индустриалдық қоғамнан ақпараттық қоғамға өтуімен ерекшеленді. Осыған байланысты ақпаратты ала білу, оны өңдеу және күнделікті пайдалану өркениетті дамудың қажеттілігі болып табылады. Ақпараттық технологиялардың дамуы, жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялық тетіктердің жер жүзіндегі рөлі мен ықпалының басты күшті иеленуі қазіргі заманның негізгі мәселесіне айналды.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың басты құралдарының бірі. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары адамның өзін-өзі танытуына, оның қоғамдық өмірге қатысуына, барлық мүмкін әлеуметтік рөлдерді игеруіне және т.б. ықпал етеді. Ақпараттық технологиялардың қазіргі кездегі өнімдері әртүрлі әлеуметтік топтардың ақылойына, эмоцияларына, өз бетімен шығармашылық және сыни ойлануына, құндылық бағдарлары мен нанымдарына да әсер етеді. Дегенмен, ақпараттардың жағымды және жағымсыз типтері болатындығын ескерсек, зияндылығынан қорғана алуға қабілетті тұлға қалыптастыру міндеті туындайды [1, б. 40].

Б.Т. Кенжебеков әдебиеттерді теориялық тұрғыдан талдау барысында «құзіреттілік» ұғымының мәніне әр түрлі анықтама беріліп, әр қилы көрініс тапқандығын анықтады. Бірақ соған қарамастан, бұл терминнің антикалық заманда туғанын көруге болады. Мысалы, Платонның оқытудың жоғары деңгейін анықтауы, Аристотельдің жалпы кең білім беру мен кәсіп үйретуді байланыстыру негізінде жоғары білімнің реалистік принципін дамытуы, XVIII-XIX ғасырларда зиялы кәсіби мектептерді жоғары оқу орындары етіп қайта құруы, қазіргі көпсатылы жоғары білім берудің қалыптасуы – осы аталған ғылыми ілгерілемелі өзгерістер жоғары оқу орындарының кәсіби құзіретті, бәсекеге қабілетті маман даярлау жолындағы ізденістердің дәлелі екендігін көрсетті [2, б. 114].

Қазіргі кәсіптік-психологиялық қызмет білімді маманды ғана емес, сол мамандыққа ішкі жан дүниесімен сәйкес келетін тұлғаны тәрбиелейді. Психологиялық маман өз саласында кәсіпқой болуы мүмкін, алайда кәсіби мәселелердің бәрін бірдей шешуге құзыреті жете бермейді.

Педагог-психолог маманның кәсібилігінің құрамдас бөліктеріне: кәсіби (объективті қажетті) педагогикалық-психологиялық білімдер; кәсіби педагогикалық-психологиялық іскерліктер; кәсіптік психологиялық позиция, педагогтың ұстанымдары; педагогпсихологқа кәсіптік білім мен іскерлікті меңгеруге мүмкіндік беретін тұлғалық қерекшеліктер кіреді [1, б. 49].

Студенттік кезең білім алу жолында талмай ақпарат іздеу, оқып үйрену, зерттеу әрекетімен айналысатын уақыт. Студенттік өмірдің психологиялық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар (А.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, И.А. Зимняя т.б.) олар ақпаратты ең белсенді қолданатын топ болғандықтан, БАҚ-тың сананы билегіштік әсеріне ұшырағыш келеді – деген пікір білдіреді.

Тұлғаның дамуына қатысты философиялық ойлар Гегель, Аристотель, Б. Рассель, Г. Лейбниц, Дж. Локк, шығыс ғұламалары әл-Фараби, Ибн-Сина, Ж. Баласағұн және қазақ ойшылдары А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин еңбектерінен бастау алған.

ТМД елдерінде медиақұзыреттілікті қалыптастыру мәселесін зерттеумен О.П. Кутькина, Е.В. Мурюкина, А.А. Новикова, В.В. Протопопова, А.В. Федоров, Н.Ф. Хилько, ал шетелде С.Дж. Берэн, В. Вебер, Л. Мастерман және басқа да көптеген зерттеушілер айналысқан.

Алдымен біз медиақұзыреттілік ұғымын және осы ұғымға жақын түсініктерді анықтаймыз.

-медиақұзырет – бұл оқу қызметінде және болашақ кәсіби қызметінде медиа саласындағы білім мен іскерлікті пайдалану қабілеті (В.Н. Стрельников); жаңа технологияларды меңгеру, оларды қолдану шарттарын, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіну, бұқаралық ақпарат құралдары арналары бойынша таратылатын ақпарат пен жарнамаға сыни тұрғыдан қарау қабілеті (Н.И. Гендина).

-тұлғаның медиақұзыреттілігі – әр түрлі, жанрлар мен формаларда медиамәтіндерді таңдау, пайдалану, бағалау, сыни талдау, құрастыру (мотивациялық, ақпараттық, перцептивті, интерпретациялық,

бағалау, байланыс, практикалық-операциялық және белсенділік, шығармашылық) дағдыларының жиынтығы (А.В.Федоров)[4,б. 65].

ЮНЕСКО медиабілім беруге (media education) педагогикалық теория мен практикадағы жеке саланың бөлігі ретінде қарастырылатын қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарын меңгеру үшін теория мен практикалық дағдыларды оқыту деген анықтама береді.

Еуропа Одағының құжаттарында «медиабілім» алынған ақпарат негізінде өздерінің ой-пікірлерін айтуға қабілетті,ақпарат құралдарына сыни және өзіндік көзқарасы бар отандық азаматтарды тәрбиелеу мақсатында медиақұзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу ретінде айқындалады.Бұл оларға қажетті ақпаратты пайдалануға,оны талдауға,сондай-ақ ақпаратқа қатысты экономикалық,саяси,әлеуметтік немесе мәдени мүдделерді үйлестіруге мүмкіндік береді.Медиабілім адамдарды хабарламаларды жасауға,коммуникацияға мейлінше тиімді ақпарат құралын таңдауға оқытады.Медиабілім адамдарға өздерінің ойларын және ақпаратты еркін білдіру құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл олардың жеке дамуына ғана әсер етіп қоймай,сондай-ақ,олардың әлеуметтік тұрғыда белсенді атсалысуын және интербелсенділігін күшейтеді. Бұл тұрғыдан алғанда медиабілім демократиялық азаматтыққа және саяси түсіністікке дайындайды.Демек,адам өмірінің барлық ағымында оқыту тұжырымдамасының бір бөлігі ретінде медиабілімді дамытқан тиімді болып табылады. Ең беделді медиапедагогтардың және медиатеоретиктердің бірегейі Л.Мастерманқазіргі әлемдегі медиабілімнің маңыздылығы мен басымдығын айқындайтын жеті себебін негіздеп берді:

1 Медианы тұтынудың жоғары деңгейі және қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының шектен тыс көптігі.

2 Медианың идеологиялық маңыздылығы, өнеркәсіптің саласы ретінде олардың аудиторияның санасына ықпалы.

3 Медиаақпарат санының жылдам өсуі, оны басқару және тарату тетіктерінің күшеюі.

4 Негізгі демократиялық процестерге медианың ену интенсивтілігі.

5 Барлық салада визуалды коммуникация мен ақпарат маңыздылығының артуы.

6 Болашақ талаптарға сәйкес бағдарланған оқушыларды, студенттерді оқытудың қажеттілігі.

7 Ақпаратты жекешелендіруде ұлттық және халықаралық процестердің ұлғаюы. [6,б. 69].

Ю.Н. Усов медиабілім беруді медиақұралдар мен медиаөнімдер материалдары арқылы жеке тұлғаны дамыту үдерісі ретінде анықтайды.

Осы анықтамаға сәйкес медиабілім беру оқу үдерісінің сапасын жақсарту және медиаөнім материалдары арқылы және оның негізінде жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ медиақұзыреттілікті қалыптастыру үшін қолданылатын оқыту және тәрбиелеу құралы ретінде әрекет ете алады.

Л.С. Зазнобина«медиабілім беруді» оқушылардың бұқаралық ақпарат құралдары туралы білім алуына, үшін ақпарат құралдарын пайдалану арқылы әртүрлі білім алу және шығармашылық өзін-өзі көрсетуге, сыни ойлауды дамытуға, ақпараттық үдерісті дұрыс ұйымдастыра білуге, ақпараттық қауіпсіздікті бағалау және қамтамасыз етуге бағытталған білім беру ретінде анықтайды.

А.В. Федоров медиабілім беру үдерісінде медиақұзыреттілік пен сыни шығармашылық ойлауды дамыту технологиясын жасады, ол келесідей көрінеді:

1) диагностикалық (анықтаушы) компонент: дайындықтың бастапқы кезеңінде берілген студенттік аудиториядағы медиақұзыреттілік және бұқаралық ақпарат құралдарына және медиамәтіндерге қатысты сыни ойлауды дамуы деңгейлерін көрсету;

2) мазмұндық-мақсаттық компонент:

– теориялық компонент (медиамәдениеттің тарихы мен теориясын зерттеуге арналған блок, медиабілім беру мотивациясы мен технологиясын дамыту блогы, яғни аудиторияны медиатәрбиелеудің формалары мен әдістерін оқып үйрену) және практикалық компонент (медиаөндіріс негізінде шығармашылық қызмет блогы, яғни медиатеchnологияны қолдана отырып, білім алушылардың өз ойын жеткізуге шығармашылық қабілеттерін дамыту:

– әр түрлі жанрадағы және типтегі медиамәтіндерді құрастыру;

– алынған практикалық медиабілімі мен дағдыларын оқыту практикасы үдерісінде шығармашылықпен қолдану;

– қабылдау-талдау қызметінің блогы: білім алушылардың әртүрлі жанрадағы және типтегі медиамәтіндерді сыни қабылдау және талдау дағдыларын дамыту);

3. нәтижелік компонент (қорытынды сауалнамалар блогы, білім алушылардың тестілеу және шығармашылық жұмыстары және оқытудың соңғы кезеңінде жоғары оқу орны білім алушыларының сыни ойлау қабілетін және медиақұзыреттілігінің даму деңгейлерін анықтауға арналған талдау блогы).

М.В. Кузьмина медиақұзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы бірқатар компоненттерге негізделген деп жазады. Біріншісі – медиаматериалдарды қолдану тәжірибесі. Медиамен және нақты әлеммен жұмыс

істеу тәжірибесі қаншалықты көп болса, медиақұзыреттің жоғары деңгейіне өту мүмкіндігі соғұрлым көп болады. Екіншісі – медиа саласындағы дағдыларды белсенді түрде қолдану. Үшіншісі – бұл бағытта өздігінен білім алуға дайын болу және өздігінен білім алу.

Интернеттегі зорлық-зомбылықты көрсететін өнімдер, түрлі бейәдеп материалдар, тура жолдан тайдыратын сайттар мен жаранамалар мазмұны жастардың өз тамырынан ажырауына әкелуде. Осыған байланысты оларда ақпарат тасқынының кері ықпалынан сақтандыру, антигумандық ақпараттар ағынынан өзін-өзі қорғай алу дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігі артады. Аталған мәселені шешу жастардың медиақұзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз ететін медиабілім беруді тиісті жолдарын қарастырылуда.[4,б. 98].

Нәтижеге бағытталған білім беру парадигмалық идеясы аясында «құзыреттілік» ұғымы кең қолданысқа еніп, зерттеушілермен әртүрлі түсіндірмелер берілді. Атап айтсақ:

- «құзыреттілік», «құзырет» ұғымдарының педагогикалық және психологиялық астарларын Дж.Равен, К.Роджерс, И.В.Роберт, А.В.Хуторской, Қ.Г.Құдайбергенова, М.А.Абсатова, т.б. қарастырған;

- болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар негізінде түйінді құзыреттілігін дамыту мәселелесін отандық ғалымдар: К.У.Қунакова, М.З.Джанбубекова, Қ.М.Нағымжанова т.б еңбектерінде көрініс тапқан;

- ақпараттық технологияны пайдалану арқылы студенттер мен оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселелері Г.Қ.Нұрғалиева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдикова, К.З.Халықова, Б.Абықанов.т.б.;

- болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастыруды Е.Ы.Бидайбеков, Д.М.Жүсіпалиева, К.М.Беркімбаев, А.Сағымбаева, Б.Т.Кенжебеков, Б.А.Досжанов, Г.У.Сыздықбаева, А.Т.Чакликова және т.б. әрқырынан қарастырған;

- жастардың ақпаратқа қатысты сыни ойлауын дамыту мәселесі шет елдік К.Поппер, Д.Халперн, Р.У.Поль, Р.Энис, С.Норрис, ресейлік ғалымдар: В.А.Попков, А.В.Коржуев, Е.А.Ходос, А.В.Бутенко, С.И.Заир–Бек т.б. және отандық С.С.Мирсеитова, Б.А.Тұрғынбаеваның т.б. еңбектерінде көтеріліп келеді;

- ақпараттың сананы билеушілік (манипуляция) феноменін зерттеуіне психология, әлеуметтану, саясаттану, философия салаларында батыс зерттеушілер: А.Моль, А.У.Хараш, В.М.Бехтерев, Г.Лебон, Г.Маркузе, З.Фрейд, М.Маклюен, М.А.Хевеши, У.Липпман арнаған еңбектер бар;

- ақпаратпен жұмыстың психологиялық тетіктерін тәжірибелік тұрғыда зерттеген: А.Бандура, С.Милграм және тағы басқалар есімдерін атауға болады.

- заманауи өмірде сананы билеу мәселесінің зерттелу жағдайын: А.С.Миронов, А.Ю.Горчева, В.Г.Крысько, В.П.Пугачев, Г.В.Грачев, И.К.Мельник, К.Х.Каландаров, М.В.Жижина, О.Н.Быкова, О.П.Березкина, П.Бергер, С.А.Зелинский, Т.З.Адамьянц, Т.М.Харламова, Т.С.Кабаченко, Б.Баукин тәрізді ғалымдар еңбектерінде қарастырылғанын талдау көрсетті.

- БАҚ-тың сананы билеушілік әсерін алдын алу мәселелеріне арналған: педагогикалық зерттеулер А.А.Журин, А.В.Федоров, А.В.Шариков, В.В.Гура, Д.Е.Григорова, Е.А.Столбников, И.В.Жилавская, Л.Мастерман, О.А.Баранов, Р.В.Сальный, В.А.Возчиков, Е.В.Мурюкина, И.А.Фатеева, К.Бэзэлгет және т.б. ғалым жұмыстарымен толығады;

- медианың жаһандық, мәдени, этносоғасы, тілдік қызметтері, медиабілім, медиа өнімдері арқылы жастарды тәрбиелеу мәселелеріне: А.М.Ержанова; Ж.Ж.Молдабеков, Б.М.Таңатарова; Л.С.Ахметова, Т.Ю.Веревкин; А.Ш.Баймульдинова; А.Э.Баймухамбетов; Қ.Ө.Есенова; Д.З.Маханова; Е.Ж.Масанов; П.Б.Сейтказы; А.А.Ташетов сынды қазақ ғалымдары өз зерттеулерін арнады. [3,б. 145].

Дегенмен, зерттеу мәселесі бойынша жазылған философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық және ғылыми-педагогикалық еңбектерді талдау:

- қоғамның барлық саласының ақпараттануына орай медиабілімге деген сұраныстың артуы мен білім беру жүйесін реттейтін құжаттарда, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларында мәселенің қажетті деңгейде көрініс таппауы арасындағы;

- болашақ педагогика саласы мамандарына медиабілім беріп, БАҚ өнімдерін сауатты тұтынуға деген құзыреттіліктерін қалыптастыруға, оларды мектеп оқушыларын да осы бағытта тәрбиелеуге даярлауға деген әлеуметтік және кәсіби қажеттілік пен оның тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетеді. [5,б. 67].

Қазіргі заманғы адам үшін ақпаратты қабылдау дағдыларына, аудиовизуалды кескіндердің мағыналарын дұрыс интерпретациялауға деген қажеттілік ақпараттық ағындармен еркін жұмыс істеу және оларды навигациялау үшін қажет. Медиабілім беру әдістерін және медиабілім беру элементтерін күнделікті тәжірибеде қолдану білім алушылардың медиақұзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, оқу үдерісінде студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру үшін ауызша, визуалды, практикалық, түсіндірмелі және иллюстрациялық, репродуктивті, проблемалық тағы да басқа

әдістерді тиімді қолданып, студенттердің медиабілімін арттыруға болады. Медиақұзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы: ТОО «Стандарт», 2006. – 260 б.
- 2 Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, 2001 ж. – 275 б.
- 3 Рыжих Н.П. Развитие медиакомпетентности студентов педагогического вуза на материале экранных искусств. – Таганрог: Центр развития личности, 2008. – 298 с.
- 4 Масанов Е.Ж. Медиамадениеттегі адам мәселесі: философия докт... диссертация. – Алматы, 2012. – 151 б.
- 5 Федоров А.В. Развитие медиакомпетентности и критического мышления студентов педагогического вуза. – М.: Изд-во МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех», 2007. – 616 с.
- 6 Протопопова В.В. Қазіргі заманғы педагогтың медиақұзыреттілігі / Протопопова В.В.// XXI ғасырдағы жоғары гуманитарлық білім беру: мәселелері мен болашағы: 2 т., 1-т. Педагогика. Психология. – Самара: ПГСГА, 2009. – 285-288 б.
- 7 И.А. Фатеева Медиабілім беру: теориялық негіздері және іске асыру тәжірибесі: монография / И.А. Фатеева. – Челябинск: Челяб. мем. ун-т, 2007. – 270 б.

УДК 372.881.1

РЕЧЕВОЙ ЭТИКЕТ В КОНТЕКСТЕ ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ШКОЛЕ

Сегизбаева Кенжегуль Кунусбаевна
кандидат филологических наук
ассоциированный профессор КРУ им. А.Байтурсынова,
г.Костанай, Казахстан
E-mail:kenzheguldzama@mail.ru

Пастарнак Елена Анатольевна
студентка 4 курса КРУ им. А.Байтурсынова

Аннотация

В данной статье освещается проблема овладения речевыми нормами в целях успешной коммуникации, отрицательного влияния современного интернет-общения на общую тенденцию грамотности в обществе. Особое внимание уделяется вопросу значимости овладения учениками речевыми нормами в период школьного этапа. Автором проанализирована типовая учебная программа и базовый учебник русского языка для 7 класса.

Ключевые слова: речевое поведение, речевой этикет, культура общения, нормы речевого этикета, образовательная программа, типовая учебная программа.

Аңдатпа

Бұл мақалада табысты қарым-қатынас үшін сөйлеу нормаларын меңгеру мәселесі, қазіргі интернет-коммуникацияның қоғамдағы сауаттылықтың жалпы үрдісіне кері әсері көрсетілген. Мектеп кезеңінде оқушылардың сөйлеу нормаларын меңгеруінің маңыздылығына ерекше көңіл бөлінеді. Автор 7-сыныпқа арналған типтік оқу бағдарламасы мен орыс тілінің негізгі оқулығын талдаған.

Түйінді сөздер: сөйлеу тәртібі, сөйлеу этикеті, қарым-қатынас мәдениеті, сөйлеу этикеті нормалары, оқу бағдарламасы, типтік оқу жоспары.

Abstract

This article highlights the problem of mastering speech norms for successful communication, the negative impact of modern Internet communication on the general trend of literacy in society. Particular attention is paid to the importance of the students' mastery of speech norms during the school stage. The author analyzed the standard curriculum and the basic textbook of the Russian language for the 7th grade.

Key words: speech behavior, speech etiquette, culture of communication, norms of speech etiquette, educational program, Standard curriculum.